

## Атырау облысы Мақат ауданында Ескене ауылын құру туралы

Атырау облысы әкімдігінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 327 бірлескен қаулысы және Атырау облыстық мәслихатының 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 177-VI шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 4 қантарда № 4025 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабының 2), 3), 4) тармақшаларына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6, 27, 37-баптарына сәйкес, Атырау облысы Мақат аудандық өкілді және атқарушы органдарының пікірін ескере отырып, Атырау облысы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және VI шақырылған облыстық мәслихат кезекті XIX сессиясында ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Атырау облысы Мақат ауданының Бәйгетөбе ауылдық округінде жалпы аумағы 12000 гектарды құрайтын Ескене ауылы құрылсын.

2. Бәйгетөбе ауылдық округінің аумағы 50300 гектарға өзгертулсін.

3. Осы бірлескен қаулы мен шешімнің орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің орынбасары Ә.Нәутиевке және Атырау облыстық мәслихатының заңдылықты сақтау, депутаттық этика және құқық қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы А. Абдолловқа жүктелсін.

4. Осы бірлескен қаулы мен шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап қүшіне енеді және олар алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

H. Ногаев

Сессия төрағасы

A. Габдуллин

Мәслихат хатшысы

Ә. Зинуллин